

Жауыншиева Жазира Билимовнаның
«6D020500 – Филология» (8D023-Филология) мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ, орыс
және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі сандық код: семантика мен
символикасы» диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Кез келген халықтың тілі ұлттық код пен оның бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігінің қайнар көзі. Халықаралық қатынастар кеңейю және жаһандандырылған әлем жағдайында көп тілді игеру – заманауи адамның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Бұл жөнінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында: «Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. <...> Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Жастраымыз бірнеше тіл білу өздерінің көкжиегін кеңейтіп, көкірек көзін оятатынын жете түсінгені абзал» – деп жазып көрсеткен.

Сан мәдени концепт және квантификативті белгі ретінде тілдік әмбебаптарының бірі болып табылады, сондықтан ол сан мен сапа, кеңістік пен уақыт категорияларымен тығыз байланысты. Сандық жүйе белгілі бір ұлттың немесе халықтың дүниетанымының көрінісі болып табылады, ал жеке сандар өз бойында этностың мәдени кодын тасымалдай отырып, киелі мағыналарды білдіреді. Сондықтан сан материалдық және оқиғалық болмыстықтан дерексізденген концепт бола отырып, сонымен қатар ол адамның өмірі мен санасында заттық әлеммен тығыз байланысты. Көне философтар «әлемдегі бар дүние – ол сандар» (Пифагор), олар «әлем үндестігі» (Платон), «заттардың бастауы мен мәні» (Аристотель) ретінде қарастырған.

Сандық код бірегей когнитивтік феномен ретінде адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесуі деңгейінде және тіл деңгейіндегі хабарламалардың алуан түрлігін белгілейді, себебі ол қоршаған ортаны құрап, бейнелейтін сан мен мөлшердің негізгі семантика-грамматикалық категориясы болып табылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Әртүрлі құрылымдас тілдердегі сандық квантификация тілтанымдық, мәтіндік және антропөзектілік теориялар шеңберінде сипатталған. Осы жұмыста сандық ұғымдар семантикалық және символикалық белгілерге негізделген тарихи-мәдени, құндылықты мағыналардың жиынтығы болып табылатын мәдени код тұрғысынан қарастырылады. Бұл заманауи гуманитарлық ғылымында аса өзекті мәселе болып табылады.

Қазіргі филологиялық ғылымында белгілі бір халықтың мәдениетіндегі құндылықтар жүйесіне сәйкес символикалық мәні зор логикалық және мәдени феномен ретінде қарастырылатын сандарды зерделеуге арналған зерттеулер аз емес. Әмбебап тілдік категория және мәдени кодтың элементі болып табылатын «сан» категориясы әртүрлі тілдердегі әлем туралы ақпаратты жіктеу мен

жүйелеу заңдылығына ие. Заманауи сандық жүйенің әмбебаптық сипатына қарамастан, әртүрлі тілдердегі сандық квантификацияның символикалық және мәдени мағыналары белгілі бір мәдениеттің түйінді құндылықтарымен сәйкес болып табылады. Осыған орай зерттеу жұмыстың өзектілігі – лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, этнопсихолінгвистика және мәдениаралық қатысым тіл біліміндегі заманауи бағыттардың тұрғысынан әртүрлі лингвомәдениеттердегі сандық квантификацияны салғастырмалы зерттеу қажеттілігімен айқындалады.

Қазіргі уақытта белгілі бір лингвомәдени қауымдастықтың өкілдері ие болатын білім мен түсініктер жиынтығына негізделген когнитивтік базасын зерттеу аса өзекті болып табылады. Осыған байланысты соңғы жылдары қазақстандық лингвистикада қазақ тіліндегі сан категориясының лингвомәдени негіздерін зерделеуге, түрік тілдеріндегі сан категориясының салыстырмалы-тарихи когнитивтік талдауына, әртүрлі құрылымдас тілдер материалында нумерологиялық мәдениетті салғастырмалы талдауға арналған бірқатар диссертациялық жұмыстар қорғалды (О.Р.Досымбекова, Ж.Б.Кұрмамбаева, Д.Ж.Рысқұлбек және т.б.).

Сан категориясының субкатегориясы болып табылатын өлшем мен көптілік категорияларының қазақ тілінде және оны әртүрлі құрылымдық типтегі тілдер мен салғастыру аясында зерттеу – жеке ғылыми жұмыстардың нысанына айналды (А.Данияров, Б.К.Аязбаева, Ж.К.Ахмедова, К.К.Күркебаев, Л.Қабылдина, Р.Б.Джелдыбаева, Е.Маралбек және т.б.).

Жарыққа шыққан жұмыстардың осындай көлемі зерттеу материалының тереңдігі мен көп өлшемділігін дәлелдей отырып, сонымен қатар әртүрлі тілдердің типологиялық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және ұлттық-мәдени ерекшеліктерін айқындау мақсатында сандардың семантикасы мен символикасын сарқылмайтын дерек ретінде қарастырып, әлі де толық зерделеніп, шешуін талап ететінін белгілейді. Сондықтан аталмыш жұмыстың басқа қолданыстағы зерттеулерден түбегейлі айырмашылығы – заманауи қазақстандық қоғам жағдайында қолданылатын қазақ, орыс және ағылшын тілдер материалы негізінде сандық кодтың салғастырмалы зерделенуі жүргізіледі. Бұл Қазақстанда мекендейтін халықтардың этномәдени дәстүрлері мен құндылықтарын өзектендіру және әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырылатын үштілді білім беру жағдайында өзекті болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу материал негізін мәдени таңбаға ие – ақпараттық (инновациялық дереккөздер болып табылатын мәтіндер корпусы мен дерекқорлар), көркем, фольклорлық, діни, мифологиялық мәтіндер құрайды. Осындай ауқымды материалдар негізінде тіл, мәдениет, сана, коммуникация, қауымдастықтың ара қатысының когнитивтік механизмдерін қарастыратын жаңа ғылымдар тұрғысынан тілдік бірліктердің мәдени-тарихи пайымдауы мен деректердің филологиялық талдауы жүргізілген.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Заманауи ғылыми білімде антропоөзекті парадигма тілдік құбылыстарды лингвомәдени тұрғыдан зерделенуін жандандырады. Осыған орай тілдік таңбалардың мазмұнындағы мәдени компоненттерінің мәдениаралық қатысымға әсері аса қызығушылық танытады.

Санды тарихи-мәдени феномен ретінде зерделеу әрқашанда ғалымдардың назарынан тыс шықпаған, бірақ зерттеу материал сандардың семантикалық белгілері мен символикалық мәндерін заманауи лингвистикалық теориялар негізінде қарастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмыстың ғылыми жаңалығын әртүрлі лингвомәдениеттердің негізгі құндылықтарын белгілейтін мәдени таңбаланған ақпараттық, көркем, фольклорлық, діни, мифологиялық мәтіндер материалында қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сандық квантификацияның салғастырмалы талдау жүргізу айқындайды.

Осыған орай зерттеу жұмысының жаңалығы – қазақ, орыс және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі сандық кодтың контрастивтік талдауы келесі тұрғыдан жүргізіледі:

- түркі, славян және батыс еуропа халықтары мәдениеттерінің құндылықты ұстанымдарын тасымалдайтын қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі сандардың семантикасы мен символикасын зерделеу;
- сандардың семантикасындағы халықтың мәдени символдары мен оның ұлттық дүниетанымының стереотиптер негізінде салғастырмалы тілдердегі мәдени шартталған квантитативті белгілерді сипаттау;
- белгілі бір мәдениеттің негізгі құндылықтарын сөйлеуші адам туралы жаңа ғылымдар тұрғысынан сипаттау;
- тілдің қолдануына және мәдениаралық қатысым үдерісіне ықпал ететін мәдени бағытталған факторлар мен мәдени шартты мінез-құлықты анықтау.

Зерттеу нысаны – қазақ, орыс және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі сандық код.

Зерттеу пәні – салғастырмалы тілдердегі сандық кодтың семантикалық, символикалық және лингвомәдениеттанымдық белгілері.

Зерттеу мақсаты – семантикалық және символикалық мағыналарды білдіру тұрғысынан қазақ, орыс және ағылшын тілдері негізінде әртүрлі лингвомәдениеттердегі мәдени концепт болып табылатын сандық кодты салғастырмалы зерттеу.

Қойылған міндетке сәйкес келесі **зерттеу міндеттері** белгіленді:

- әлемнің мифологиялық-діни бейнесіндегі сандардың символикалық мәні мен киелі семантикасын ашу;
- түркі, славян және батыс еуропа халықтары мәдениеттерінің құндылықты ұстанымдарын тасымалдайтын қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі вербалды кодты болып табылатын сандардың салғастырмалы сипаттауын ұсыну;
- қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі өлшеу мен есептеу категорияларының ұлттық ерекшеліктері мен сандық семантикасын білдіретін құрамында сан есім компоненті бар фразеологиялық бірліктердің салғастырмалы талдауын ұсыну;
- ұлттық дүниетаным мен ұлттық философияның негізгі құндылықтарынан бастау алатын және көптеген фразеологизмдердің құрамына еніп, мәдени мағыналарға ие болған прототипикалық киелі сандардың символикасын ашу;

- әртүрлі лингвомәдениеттердің негізгі құндылықтарын белгілейтін мәдени таңбаланған ақпараттық, көркем, фольклорлық, діни, мифологиялық мәтіндер материалында салғастырмалы тілдердегі сандық квантификацияны сипаттау;
- сандардың негізгі символикалық мағыналарын анықтап, олардың салғастырмалы тілдердегі айырмашылықтарын айқындау;
- мәдениаралық қатысымдағы сандық мағыналардың тұжырымдамалауын талдау;
- лингвомәдени сандық кодтың морфологиялық және семантикалық белгілерін сипаттау;
- ұғымдық, заттық және функционалды ортақтығы негізінде сандардың лексикалық семантикасындағы парадигматикалық қатынастарды сипаттау.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.

Зерттеу жалпыфилософиялық, жалпығылыми және жекеше әдіснама бірлігін ескере отырып құрылады. Зерттеудің жалпыфилософиялық базасы жүйелілік, антропоцентризм және детерминизм болып табылады, оған сәйкес тіл оның сөйлеушілерінің санасына жауап беретін және мәдени-тарихи мұраның, әлеуметтік-экономикалық ортаның және басқа экстралингвистикалық факторлардың әсерінен өзгертін жүйе ретінде ұсынылған. Біздің зерттеуде жалпығылыми әдіснама тілдің фразеологиялық қорын кешенді талдауы лексикология, грамматика, семантика, когнитивтік және антропологиялық лингвистика, социоллингвистика, лингвомәдениеттану сияқты ғылымдар тобымен байланысы арқылы жүзеге асырылады.

Зерттеудің *теориялық-әдіснамалық негізін* филология (Л.Вайсгербер, Ю.Д.Апресян, Н.Д.Арутюнова, Ю.Н.Караулов және т.б.), лингвомәдениеттану (Ю.С. Степанов, А. Вежбицка, М.М.Бахтин, В.А.Маслова және т.б.), философия (О.Есперсен, М.Хайдеггер және т.б.) салаларындағы беделді және танымал ғалымдардың жұмысы құрайды. Аталмыш еңбектерде тіл мен мәдениеттің өзара байланысының теориялық ережелері, мәдениетті тұтас құбылыс ретінде және адамның құндылық-семантикалық әлемі ретінде зерттеудегі тілтану ғылымының қағидалары анықталған. Осы зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтауда лингвист-теоретиктер А.А.Потебни, Э.Сепир, В.П.Троицкий, М.Холл, О.Шпенглер, И.М.Кобозева, А.Е.Супрун, В.Н.Топоров, Ы.Маманов, А.Ысқаков, Т.Жанұзақов, С.Кеңесбаев, С.Исаев, М.Томанов, Н.Уалиұлы, А.Хасеновтың іргелі еңбектері ерекше рөл атқарды.

Ғылыми әдебиетте нысаны сандар, олардың символикалық мағыналары мен мәдени коннотациялары болып табылатын еңбектер аз емес. «Алғашқы мәдениет» тарихшылары (Э.Б.Тэйлор, Л.Леви-Брюль, Б.А.Фролов және т.б.), санның тылсым күшін зерттеушілер (К.Эккартсгаузен, В.М.Кириллин, А.И.Бородин) көптеген халықтарда сан мен сан есімдер ұғымының пайда болу, қалыптасу, даму және қолдану мәселелеріне ерекше назар аударған.

Сан мәдени концепт ретінде шетелдік және отандық зерттеушілердің антропоцентристік көзқарасқа бағытталған когнитология, линвокультурология, этнолингвистика, фольклортану, мифопоэтика және филология ғылымының

басқа салаларындағы іргелі және заманауи еңбектерінде қарастырылады (В.фон Гумбольдт, Ф.де Соссюр, Сапир-Уорф, Л.Вайсгербер, В.Я. Пропп, В.Н.Топоров, Н.Л.Жуковская, Н.Д.Арутюнова, Е.С.Кубрякова, В.А.Маслова, А.Т.Хроленко, С.П.Праведников, С.Қасқабасов, Е.Жанпейсов, К.Шамшадин, С.Негимов, А.Ж.Жақсылықов, К.С.Дүсіпбаева, Ж.Манкеева, Г.Смағұлова, З.К.Ахметжанова, Р.А.Авакова, О.Жубаева, Ж.К.Киынова, С.К.Сансызбаева, А.Т.Оналбаева және т. б.).

Этномәдени сандық белгілеулер мен өлшем деректанулық талдауы және қазақ тіліндегі шаралар ХХІ ғасырдың басында, гуманитарлық ғылымдағы антропоцентризм тұжырымдамасының дамуы және ұлттық тілді тарихи-мәдени құбылыс ретінде зерттеуді өзектендіру кезеңінде диссертациялық зерттеулердің нысаны болды (К.С.Дүсіпбаева, К.К.Күркебаев, Караджа Оқтай, Б.К.Аязбаева, С.К.Қасымова, О.Р.Досымбекова, Ж.Қурмамбаева, Д.Рысқұлбек және т.б.).

Зерттеу материалы ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің академиялық және заманауи фразеологиялық сөздіктерінен алынған фразеологиялық бірліктер іріктеліп алынды. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі материалдардағы *уш, жеті, тоғыз, қырық* және басқа да киелі сандардағы сандық семантиканың (әсіресе алғашқы ондықтағы сандарда) және символдық мәндердің көріну ерекшелігін бейнелейтін 2000-нан астам сөз қолданыстары бар контексттер картотекасы жинақталған. Сандық кодты салғастырмалы талдау көркем, фольклорлық (эпикалық шығармалар, ертегілер, жұмбақтар және фольклордың басқа да кіші жанрлары), діни және мифопоэтикалық мәтіндер негізінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар, заманауи ақпараттық мәтіндерден материалдар (мәтіндер корпусы және дерекқорлар: «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» [Электрондық ресурс: qazcorpus.kz], «Орыс тілінің ұлттық корпусы» [Электрондық ресурс: ruscorpora.ru], «Британдық ұлттық корпус» [Электрондық ресурс: natcorp.ox.ac.uk]).

Зерттеу жұмысының әдістері. Зерттеу әдістері ретінде тарихи-функционалдық, жүйелік-функционалдық әдістер, контекстік және филологиялық талдау мәдени шартталған мәтіндер – ақпараттық, көркем, фольклорлық, діни және мифологиялық материалдар негізінде сандық квантификациялау табиғатын сипаттауға мүмкіндік беретін мәтінтану негізгі әдісі ретінде қолданылды. Тарихи-функционалдық тәсіл әдеби құбылыстарды зерттеуді және көркем шығармалардың оқырман аудиториясына әсерін білдіреді. Тарихи-функционалдық әдіс белгілі бір тарихи дәуірлердің оқырман тәжірибесін зерттеуге және жалпылауға мүмкіндік береді, ұлттық әдебиеттердің өзара әсерін, жеке әдеби формалар мен жанрларды қабылдауды бақылауға мүмкіндік береді және заманауи қоғамдағы фольклорлық мәтіндердің рөлі мен мағынасын түсінуге ықпал етеді.

Текстологияның негізгі әдісі – мәтінді филологиялық талдау әдебиеттің тарихи құбылыс ретінде және өнер түрі ретінде өзіндік ерекшелігіне негізделген. Филологиялық талдау лингвистикалық стилистикалық және әдеби талдаулардың элементтерін қамтиды және форма мен мазмұнның бірлігінде мәтінді оқуды білдіреді. Мәтінмәндік талдау – тұтас бөлікті талдау, Талдау бірліктері тілдік немесе сөйлеу бірліктері болып табылатын сипаттамалық жүйенің әдістемесі.

Сонымен қатар, жұмыста сипаттамалық, компоненттік, салыстырмалы талдау қолданылды. Сипаттамалық талдау сандық кодты салыстырылатын тілдерде жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді; компоненттік – сандардың мазмұны мен фразеологиялық бірліктердің мазмұны, лексика-грамматикалық құрамы мен бейнелі компонентіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау; салғастырмалы – семантиканы, лексика-грамматикалық құрамдарды, киелі сандардың бейнелі компоненттерін салыстыру және әрқайсысының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы тіл теориясын, жалпы фразеологияның, әлеуметтік лингвистиканы, этнолингвистиканы, когнитивті лингвистиканы одан әрі дамыту болып табылады.

Лингвомәдени қоғамдастықтың қасиетті құндылықтарының жүйесі арқылы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сандық кодты зерделеуде пайдаланылатын моделі кез келген ұлттық тілдің тарихи-мәдени қорын талдауға негіз бола алады. Алынған нәтижелер мен тұжырымдар тілдік суреттерді салыстырудың жалпы теориясын, әр түрлі құрылымдық типтегі тілдерде «сан/мөлшер» тілдік әмбебаптығын жүзеге асыру тәсілдерін құруға ықпал етеді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін оқытуда, ең алдымен тіл теориясында, салыстырмалы фразеология, лингвомәдениеттану, социоллингвистика және мәдениетаралық коммуникация бойынша арнайы курстарда қолдану мүмкіндігінен тұрады. Зерттеу материалдары Көптілді аударылған фразеологиялық сөздіктерді, лингвистикалық түсіндірмелері бар мәдени сөздіктерді, көркем мәтіндерді аудару процесінде пайдаланылуы мүмкін, сондай-ақ қазіргі заманғы ақпараттық дереккөздерде – ұлттық тіл корпустарына еңгізу мүмкіндігі бар.

Сонымен қатар, диссертациялық жұмыстың нәтижелері лингвомәдениеттану, салыстырмалы тіл білімі, мәдениетаралық коммуникация бойынша ғылыми зерттеулерде де қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

- сандар әлемдік мәдениеттің константасының бірі және вербалдық код ретінде логикалық және мәдени құбылыс болып табылады, оны әрбір ұлттық тілде және әрбір этникалық мәдениетте зерттеу оның тұжырымдамалық сипаттамаларын, сондай-ақ тіл мен мәдениеттің өзара байланысының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді;

- символдық мәндерді білдіруде бірінші ондықтың, әсіресе *бір, екі, үш, төрт, жеті, тоғыз / один, два, три, четыре, семь, девять / one, two, three, four, seven, nine* сандары ең өнімді болып табылады. Сандардың морфологиялық құрылымының күрделенуімен бірге оларды қолдану белсенділігі төмендейді, мұны ұлттық-мәдени семантикасы бар құрама сандардың шектеулі көлемі дәлелдейді;

- салғастырылатын тілдерде сандар фразеологиялық белсенділікке ие, бұл санаудың пайда болу тарихына және фразеологиялық бірліктер құрамындағы пәндік, сапалық және дерексіз мағыналардың көрінісіне байланысты;

- фразеологиялық бірліктер құрамындағы сандар есептік болмысы, дәлдік және квантификативті мағыналардан айырыла отырып, екінші метафоралық мағыналарға ие болады;

- фольклорлық шығармалардағы сан есімдер жалпы поэтикалық жүйеге бағынатын және дара сандардан, есептік және ассоциативтік қатарлардан тұратын біртұтас микрожүйе болып табылады. Халық ауыз шығармашылығындағы сандар негізінен жақты анықтаушы болып табылады, оның ішінде эпитет немесе құрамы күрделі анықтау құрылымдардың ажырамас компоненті болып табылады;


- санды салғастырмалы зерттеу мәдени анықталған квантитативтік критерийлер туралы ақпарат береді, әртүрлі лингвомәдениеттердегі сандық мәндердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді, бұл әсіресе мәдениаралық қатысым мен аударма трансформациясы процесінде маңызды.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдары мен қорытындылары таяу және алыс шетелде, сонымен қатар Қазақстан Республикасында өткен халықаралық ғылыми конференциялар мен конгрессте баяндалып, олардың материалдар жинағында жарияланды. Зерттеу жұмыстың нәтижелері SCOPUS, РИНЦ ғылымиметрикалық дерекқоры базасында индекстелетін басылымдарда және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарында жарияланды: Сакральная семантика числа в мифопоэтической картине мира // Вестник Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова. Серия Филология. – 2019. – №2(94); Антропоцентрическая картина мира в семантике фразеологизмов старославянского происхождения // Вестник Кокшетауского университета им. Ш.Уалиханова. Серия филологическая. – 2019. – №4; Социокультурная маркированность тюркизмов в русскоязычной прессе Казахстана // Материалы XIV Конгресса Международной ассоциации преподавателей русского языка и литературы (МАПРЯЛ) «Русское слово в многоязычном мире» (Нурсултан, 2019); Числовой код во фразеологической картине мира различных лингвокультур: опыт сопоставительного анализа // Вестник Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова. Серия Филология. – 2020. – №4(100); Символика числа «семь» в межкультурной коммуникации // Материалы X Международной научной конференции «Русский язык и культура в зеркале перевода» (Салоники, Греция, 2020); Numerical code in the picture of the world of various linguistic cultures (Kazakh, Russian, English languages) // РИНЦ. Выпуск 12 (80). – 2021; Семантические оппозиции определенности-неопределенности в выражении квантитативных смыслов в разноструктурных языках // Вестник Карагандинского государственного университета им. Е.А.Букетова. Серия Филология. – 2022. – №2(106); Intercultural communicative competence as a tool of learning foreign languages // V International Scientific and Practical Conference, Stockholm, Sweden, 6-8 February 2022; The emotional intelligence development of future English language teachers // International Journal of Innovative Research and Scientific Studies. – 2023. – 6(3); Қазақ

жұмбақтарында қолданылатын сан есімдердің символикалық мәні // Tiltanym. – 2023. – №2(90); Numerical quantification in the folklore language: the experience of comparative analysis // Керуен. – 2023. – №3 (80); Языковая картина мира фразеологических единиц в рамках когнитивного подхода // Известия КазУМО и МЯ им. Абылай хана. Серия «Филологические науки». – 2023. – №3(70); The role of collaborative learning in teaching process // Материалы Международной научно-практической конференции «Филологическая наука в современном образовательном пространстве: традиции и инновации», посв. 70-летию ученого-литературоведа, доктора филологических наук, профессора Балтабая Абдигазиулы. (Алматы, 2023); The symbolism and semantics of sacred numbers in different structured languages // Материалы II международной научно-практической конференции «Филология: от теории к практике» (Нукус, Нукусский государственный педагогический институт им. Ажинияза, 2023).

Зерттеу жұмысының құрылымы алдыға қойылған мақсат пен міндеттер және зерттеуді жүргізудің логикасымен айқындалады. Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

Ғылыми жетекші:
Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университеті
Профессор, ф.ғ.д.



Ж.К. Кинова

